

Қазақстан Республикасының анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 6 қазан N 2512. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.09. N 307 Заңымен. ~ Z980307 ЗАҢ КҮШІ БАР

Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_84-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес осы Жарлықты шығарамын.

1-бап.

Заңдарға сәйкес анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдарға мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті.

2-бап.

1. Ұлттық қауіпсіздік комитеті заңдарға сәйкес анықтау, тергеу, жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ заңмен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік тергеу комитеті заңдарға сәйкес анықтау, тергеу, жедел іздестіру қызметін және солардан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады және оның алдында есеп береді, Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейді.

3-бап.

1. Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитетін Қазақстан Республикасының Президенті құрады және қайта құрады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 1-тармағындағы 5) - тармақшада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4. Тиісінше Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитеті төрағаларының орынбасарларын тиісінше Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы мен Мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

5. Тиісінше Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитетінің, оларға бағынысты органдардың өзге лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

4-бап.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитетінің мәртебесі, өкілеттігі, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі заңдармен анықталады.

5-бап.

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті